

4-10. ДӘУЛЕТХАН ӘБІЛҚАЙЫРҰЛЫ

# ОҚА ӨРНЕГІ



Дәулетхан Әбілқайырұлы

# ОЙ ӨРНЕГІ

Өлеңдер

Био 66.76.92

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

АЛМАТЫ

Алғаш — 1984

84.35.000

Д-10

Алғашқы өлеңдері журнал бетіне шыққанда-ақ оқырман қауымды елең еткізген шопаи Дәулетхан Әбілқайырұлы өлең жазу шеберлігін кең өрісте шыңдай жүріп бүгін де оқырман қауымға екінші жыр кітабын ұсынып отыр. Жазар тақырыбы басқа адамдармен бірдей Отан, Бейбіт өмір, Махаббат, адамгершілік жайлы болғанымен ақынның өзіндік сөз саптауы, жырлау стилі бөлек.

Өлең түсінер оқырман қауымға бұл кітап ұнайды дегенге сеніп, ақынға қаламың ұштала берсін дегеміз.

# МЕЗГІЛ БОЯУЛАРЫ

---

## Жаз қызығы

Катал қыстың белгісіз қайда ауғаны,  
Ұлан-асыр той-думан жайлау маны.  
Мама бие беттесе отты өріске,  
Шінгірлейді құлындар байлаудағы.

Таулар тастап таң атса құндыз бөркін,  
Көрсетуге шығады күндіз көркін.  
Жасқанбастан шебер жаз өнерін сап,  
Жер бетіне ықпалын жүргізді еркін.

Су құстары ән тартқан жағада өріп,  
Мұз құрсауы күздардың ағады еріп.  
Күшағында шаттанған арқу жаздың,  
Көркіне өркім әділ баға беріп.

Жаз сұлудың келгенін біліп анық,  
Күміс бұлақ сынғырлар күліп ағып.  
Жарқырайды ақ семсер шағалалар,  
Ақ шабақты тереннен іліп алып.

Жанбыр жауса сел жүріп ызаланып,  
Тыныштығын даланың бұзады анық.  
Көк балдырға тұсалып мөлдір бастау,  
Жыламсырар кете алмай ұзап ағып.

Күші қайтқан өзендер сирек тасып,  
Зер шылбырын жатады сүйреп кашып.  
Жылқышы үйге күн шыға оралады,  
Арғымағы астында билеп басып.

Жоқ аспанда көзіне ілінер түк,  
Тіршіліктің жер жатыр жырына елтіп.  
Демалыста ағалар балық аулап,  
Күнде өзенге барады ұлын ертіп.

Кен даладан табылып бар керегі,  
Гүлді кезіп аралар бал тереді.  
Ақша бұлтты дамылсыз жатады еміп,  
Ақ жанбыр боп шындардың нәр қорегі.

Шаруаның білгендей маздайтынын,  
Кұмырысқалар таппайды жаздай тыным.

Ұйымдасын бар іске кіріседі,  
Бір-бірінің ұғысып жазбай тілін.

Іздеп келіп гүлдерді самал ғашық,  
Күніне жүз тұрады хабарласып.  
Таптамауды сұранып жауғандайды,  
Жапырақтар іркіп ап жанарға шық.

Күс жолына түскенше қаз легі,  
Тіршіліктің баурайды сазы мені,  
Әсемдіктің әлемін аралатқан,  
Келетұғын жылда бір жазым еді.

\* \* \*

Арып шаршап алта көшіп, ай көшіп,  
Солған гүлдер жетілгенде қайта өсіп.  
Жайлауымды жетем ансап, тұрғанда,  
Жайылымы мал бабына сәйкесіп

Күн өртейді тұрғанлай-ақ от қызып,  
Мал қаптайды тым керенау шенті үзіп.  
Танданасын жайлауымды табиғат,  
Қойғанба деп ремонттан өткізіп

\* \* \*

Жел соғады оңды-солды екпіндеп,  
Қажытқандай бір өсекші көп күндеп.

Соккан дауыл, кар жанбыры мезі ғып,  
Асығасын жайлаудан да кеткің кеп.

Бастағандай дала тегіс сөз керіс,  
Жайлауына енеді сан өзгеріс.  
Тынышы кетіп қырдан ойға мал қашып,  
Іздейді әркім өзге қоныс өзге өріс.

Мезгіл жетсе оған айтар сөзін не,  
Көнесін-ау қамшы басып төзімге.  
Сары жайлау деп айтатын жайлау да,  
Қымбат екен жайсаң жаздың кезінде.

\* \* \*

Тұрған кезде бір көрмейсің тынып тек,  
Күз кезінде басталатын бүлік көп.  
Жөнеледі қанбақтарды қуалап,  
Күз дегенін жел маясын мініп кеп.

Төзе алмайтын екпінсіз жас бүркіт,  
Боран қуды көбік қарды бастыртып.  
Ақ жорғасын келгенде қыс мініп ап,  
Жан-жануар ойға қарай қашты үркіп.

Қаша-қаша қанбақ та бір сайда қап,  
Шалдыққанда қар күшады аймалап.

Үстемдігін жүргізеді күзбен қыс,  
Ен алдымен ат көлігін сағлап ал.

\* \* \*

Үстіндегі шешкенде шырша-ак тонын,  
Бір де жылы жүресін бір сәт тонын.  
Көктем келе жатқанда қардын соны,  
Жанбыр емес жауады бұршақ болып.

Көл шетіне үймелеп тұрса ак көбік,  
Ойлануға бермейді мұрсат толық.  
Күз келе жатқанында ак жанбырдың  
Соны ылғи төгіледі бұршақ болып.

Бір мезгілмен бір мезгіл көрші қонып,  
Бір-біріне жатқанда енші бөлып.  
Тұңғыш қармен жанбырдың арасында,  
Бұршақ ылғи жүреді елші болып.

\* \* \*

Өзгеріп күлген күннің жабағы күрт,  
Аспанды торлап алды жабағы бұлт.  
Жақындап жабағы бұлт суын шашса,  
Даланы қас қағымда жабады ымырт.

Ак таулар мойнын созып көк тіреді.  
Бұлттарды ауық-ауық от тіледі.



Жанбырға жуып-аспан жабағысын.  
Тауға іліп күн қызғанда келтіреді.

Буылған жабағыдан тең-теңімен,  
Жабады тоқып аспан жерге кілем.  
Жел келіп шүйке бұлтты ала кашты,  
Аумаған атасынын тентегінен.


Шүйке бұлт кетті желмен құрақ ұшқан,  
Жіпсілі тастын беті қына қысқан.  
Бейбастак жел ісіне ашуланып,  
Найзағай күркіреді ту алыстан.

Ессіздей шашып жүрген бар ақшасын,  
Орманның алады жел тарап шашын.  
Шарада тұнған көлді сапыруға,  
Жүгірді қолына алып қалақшасын.

Ойменен тұнжыраған кабак асты,  
Көлдердің тәтті ұйқысын сабап ашты.  
Қалғанда қалақшасын бұлғап-бұлғап,  
Қою сұйығымен арласты.

Сокканда тітіркеніп жоны қатты,  
Лезде көлге желдің қолы батты.  
Тарылып тыныс демі аузынан,  
Қысылып екі өкпесі көбік атты.

Дәл мұндай әсерлі шак кезігер ме,  
Қырға шық, бәз біреудің сөзіне ерме.  
Қыр кезіп ой көзімен барлағанға,  
Табиғат өзі-концерт, өзі-көрме.



# ТУҒАН ЖЕР ЖЫРЛАРЫ

---

## Туған жерге оралу

Куанышка мас кылып дүйім көпті,  
Бір кызык той әкемнің үйінде өтті.  
Келгенімді хабарлап сүйіншілеп,  
Шан боратып далама күйім кептті.

Кеудеме орнап күн менің отын жақты,  
Табиғат жерге кілем тоқып жапты.  
Боз торғайлар, тырзалар, қарлығаштар,  
Сәлем беріп алдымнан өтіп жатты.

Түйреп жүрді масалар «біз өшіне»,  
Колан шашы құлаған тізесіне.  
Ақ қайыңды көргенде еріксізден,  
Ақ балтырлы түседі қыз есіне.

Судың өзі тіліме балдай жұғып,  
Көкірегім ашылды тандай жібіп.

Баб таулар карайды сын көзімен,  
Болды екен деп ұлымыз қандай жігіт.

Айтып жатты өкпесін жел ақырғы,  
Аяғыма кұрақтар оратылды.  
Көрмегелі жүзімді тым сағынған,  
Ақша бұлттар көз жасын сора қылды.

\* \* \*

Даласы бар түсірген көнені еске,  
Қаласы бәр күн санап көлемі өскен.  
Партизандар тобына қорған болған,  
Тұлба көлі партизан көлі емес пе!

Жағаласан жүзіңді самал өпкен,  
Тарихты өзінсің санама еккен.  
Жау қоршауын бұзғанда партизандар,  
Сай, жылғанды паналап қамал еткен.

Өзіңде елім мал бағып көшіп қонған,  
Бағы жанып өркендеп өсіп толған.  
Тұғыры да өзінсің бостандықтың,  
Сенсің революцияға бесік болған.

Жана заман шуағын шашты әтірің,  
Қызыл гүлге оранды тас татырың.  
Сенсің менің қарт Невам жеңімпазым,  
Сенсің менің Бзыкалов, Хасбатырым.

## Ҷобда өзен

Шыккан сансыз өзеннен дараланып,  
Сүтін емген халкымнын бәрі ана ғып.  
Асау Қобдам, ак Қобдам, жүзрік Қобдам,  
Күміс жалы сусылдап барады ағып.

Тіршілікті күшіне бас идіріп,  
Көктем келсе жағасын тасыйды ұрып.  
Төбесінен ұшады макта бұлттар,  
Жанарында мөл мөлдір жас үйіріліп.

Жасыл шалғын майысып кырда иілген,  
Жеміс жидек үлбіреп тілді үйірген.  
Ашуына жатады ашу қосып,  
Ақкол, Соғак қосылып бір бүйірден.

Бірде минут келмейді тоқтағысы,  
Кияндардан шолады көк тағысы  
Ағысынды тізгіндеп көлік еткен.  
Салшылар да бақытты, көп табысы.

Елді қамап қинайтын малды бөгеп,  
Ескі ашу, ескі арнасы қалды бөлек.

Калаларға, кырманға су жиберип,  
Күрши колдар сан жерден салды бөгет.

Неткен жомарт сен бүгін шалкар едің,  
Басын өткен жерімнің алкабы егін.  
Байлық едің арнадан асып жатқан,  
Ишлікке колданды дарқан елім.

Отанға адал қызмет етемін — деп,  
Алғандайсың алдына жеке міндет,  
Дарияға ГЭС-терге айналарсың,  
Мына дана ғасырдың жетегінде.

\* \* \*

О, Бес боғдам сүйелі елім сені шын,  
Сен маңғазсың, сен кербезсың сері шын.  
Қиындыққа көуде тосқан бес ұлсын,  
Қорған балды туа салған ел үшін.

Ойға шомған серектерін жалтыр бас,  
Сенде қыран көкке қалай шарк ұрмас.  
Сенсің биік мәртебесі елімнің,  
Сенсің менің бес қазынам сарқылмас.

Кен көсілің көк тіреген әр төсін,  
Душпандардың алған ажар, көркі есін.  
Тарихқа куә болған бесеуін,  
Сан ғасырдың шежіресін шертесін.

Оралатын аккумулялардын тобы үшүн,  
Аксу, Аккол ариалары толы сүт.  
Кен төсүнөн жарып шыккан солар *мен*  
Жаткан шығар кемім бәдәя толымын.

Андар өрбін, күстар үшкан талай мын.  
Маған ытык әрбір серек әр айдын.  
Оншама үлкен болмасада көлемі,  
Бес шокымды бес күрлыкка баламын.

# Цэнгәлім ата-мекенім

## I

Цэнгәлім атамекен шүйгін шөбі,  
Жасымнан җашығымдай сүйдим сени,  
Өзіне ак жүректен арналатын,  
Жок ил җар әсем әнмен күүдін шегі,

Жатканда өзін жайлы ән басталып,  
Тындауға сырлы әуезді канбас халык.  
Төсіне «Алтын жұлдыз» орден тапкан,  
Өзінсін аймактағы алғашкы алып.

Партиям болашақка жолды нұскап,  
Халқыма түбегейлі кондып рыс бак.  
Жырлайын туған елім табыстарын,  
Кольма үкілеген домбыра ұстап.

Лебі есің куаныштын шар тараптан,  
Шаттыкпен күні күліп әр таны аткан.  
Енбекпен бакыт тапкан ұл-кызы бар  
Отаным әр сенімді аркалаткан.

Күестары дала сәнін жырға косын,  
Шындары аркасын түр нұрға тосып.



Үйренген отарларға малшылары,  
Мал үшін ойға көшіп, қырға көліп

Киялын қияндарға өрмелетіп,  
Салтартқан өзен кешіп көлден өтіп,  
Партиям туған елім табыстарын,  
Туына тағып берді орден етіп.

Еңбекпен қыр төсіне думан қурып,  
Түрленткен жайлымды суландырып,  
Қолында халқымыздың сәкіталамы,  
Жарыста жеңіп алған ту мәңгілік.

Жүзінен бар жанының шаттық есіп,  
Құрметтер іс блстасан сәт тілесіп,  
У а, елім бейбіт өмір қушағында,  
Гүлдей бер, дәуір берген бдікты үлесіп.

## II

Туған өлкем құрық алып тай қуған,  
Мен дайынмын сен тұр лы аятуға ән,  
Күлім кәфіп бара жатса күн батып,  
Шығысынан нұрын төгіп, ай туған.

Пан таулары үн қатпайды мелшиңи,  
Жартасын тұр күн нұрмен жел сүйіп,

Өмірінің жатыр бағын үлесін,  
Бауырына қалың малмен ел сыйып.


Кеудесінде өркен жайған көрікті ел,  
Сенбесен дос салтанатын келіп көр.  
Орманмен шырларында шұбырған,  
Үйір-үйір тау ешкімен еліктер.

Койны толы жемістермен кенге лық,  
Гаусарына қайтады жұрт емделіп.  
Табиғаттың өзі малға береді,  
Төрт мезгілде жайлымын тен беліп.

Туған елім, өскен қала мал, басы,  
Көңілі шат, пейілі кең дәмді асы.  
Арыстарда жерге тиіп көрмеген,  
Бура санды ұлдарының жанбасы.

Бой түзеген қыздары да тым кербез,  
Тұла бойын танырқаған тінтер көз.  
Ер жігітке бермеу үшін намысты,  
Қыз қуарда атқа қамшы сілтер тез.

Жеткіншектер қонып асау тайға нық,  
Шалдықпаған шықса жерді айналып,  
Жарыстарда халқымызды қуантқан,  
Тұлпарлары әр жыл сайын бәйге алып.



Цэнгэлімде жан тумаған бір әлсіз,  
Күні өтпеген ер жігіттің жыр-өңсіз.  
Қарттары егіз домбырамен бүркітпен,  
Үй жоқ бізде домбырасыз, қырансыз.

### III

Цэнгэлім менің Цэнгэл деп жұртым ат  
қойған,  
Даласы тегіс тағынған маржан ақ қойдан.  
Көркінді жырға айнытпай қосып берсем-  
деп,  
Арылмай келем бір өзін жайлы тәтті ойдан.  
Өзінде туып, өзінде өстім, көп күлдім,  
Кеуденнен сенің, нәр алып өскен шок  
гүлмін.  
Досыма сендей жомартпын кенмін,  
дарқанмын,  
Қасына сенің найзағайындай өткірмін.  
Қырында түлік жайкалып өскен ойда егін.  
Алдына биік мақсаттарды қойды елім.  
Жаналық канат кен жайған жап-жас қала  
боп,  
Техника тіліменен сөйледім.

Өзінсін менін арка тұтар мақтаным,  
Естисін келсен достықтың күйін, тәтті  
әнін.

Адамы жомарт, күшағы ыстық, төрі кен,  
Алдына тосқан дастарқан толы ақ дәмін.

Бұлбұлыда өзгешелеу катқан үн,  
Даласын кезіп, тайпалған жорға атқа мін  
Өзі ұлы болып еркеле, шаттан бірәкта,  
Үркітін күсын, гүлдерін таптап, атпа анын

#### IV


Алтай шыны жана кала жас күндәк,  
Әр күн сайын табыс жатқан таскындап.  
Серуенге ұл-қыздары шығады.  
Қолда қыран, үкілеген астында ат.

Аты — жүйрік жігіттері палуан,  
Карттары — күй, баласы-би, аруы — ән.  
Адамына біткен асыл қасиет,  
Туған жердің топырағынан дарыған.

Алтай шыңы — ырыс толы малды аймақ,  
Мол дастарқан сары қымыз, бәл қаймақ.  
Жігіттері ақ толқынмен алысқан,  
Долы өзеннің арқасына сал байлап.

Әжелерім кең пейілді берген,  
Сырмағымен түрленеді жер еден.  
Саф ауамен тыныстаған көлдері,  
Алыя жатыр кең кеудесін кере дем,

Жаи-жағынан күт күйылған жамырап,  
Алтай шыны--нағыз күтты шапырақ.  
Тұрғындары казакпенен Туванын,  
Достык жатыр жүрегiнен тамыр ап.



## Аймағым — Алтын ордам

Тарихың елге әйгілі жыр ғой анық,  
Жайнадың қызыл туға қыр боянып.  
Нұрынан төңкерістің қуат алдың,  
Отанның шығысымен бірге оянып.

Үнімен Хасбаатардың ықты түнек,  
Аймағым жас қырандай шықты түлеп.  
Отанға қауіп-қатер төнгенде де,  
Болдың сен берік камал, мықты тірек.

Жыл жырлап тауыса алмайтынай әндетіп,  
Келеді бар өмірім саянда өтіп.  
Отау ең ордаға елім айналдырды,  
Төңкеріс жеңістерін баянды етіп.

Тулаған жүрегімдей асау қаны,  
Елімің тірегіңдей жас ауданы.  
Жеңісім, жетістігім, мақтанышым,  
Сәулетті жана қоғам жасаудағы.

Аймағым — жыр қоймасы, ән бұлағы,  
Өзінде туған елім жанды бағы.

Таптамак болған жаудан сені корғап,  
Төсіне Дамбалардың тамды қаны.

Ұраным ұлы достық береке, еңбек,  
Іске асса арман мүддем <sup>Берекем</sup> көп.  
Мерт болған Зия, Өткерме өрзидерін,  
Қаймағы бұзылмайтын ел етем деп.

Айтамыз мақтансақ та, толғансақ та,  
Қырық жыл елім берік болған сапта,  
Тағы туды батырды Ікей сынды,  
Аймағым қырық жасқа толған шақта.

Болжасам қырық жылдық жеңісінді,  
Жоғары бағалапты ел ісінді.  
Он-сегіз отауменен тең гүлденіп,  
Партиям — сый құрметті тең ұсынды.

Өткердік қуанышқа бай күндерді,  
Қалтырдық артымызға айқын белгі.  
Туды елім бейбіт еңбек ардагері,  
Серікбай, Солтан, Ахан, Зәйтіндерді.

Жеткізген туған елін дамысқа ерен,  
Жігерлі ұл-қыздары измысты өрен.  
Аралап қырмен ойын сапар шексем,  
Тасыған табыспенен жана іс көрем.


Келтірсе жұмысшы тап қала сәнін,  
Жағуда малшы қауым дала шамын.  
Бар әлем дәрвет, казак, урианхайдан,  
Тындайды эфирден жанаша әнін.

Мал бағып, қала салып, баптап егін,  
Аршынды адыммен аттады елім.  
Арманды алыстағы Іске асырып,  
Жүктеген ел сенімін ақтады ерім.

Көркіне карт та ғашық, жас та ғашық,  
Қалам бір суы тұнық, аспаны ашық.  
Сап түзеп өндірістер келеді өсіп,  
Бөкеннің биігімен бәс таласып.

Аймалап алтын күннің нұр шапағы,  
Жайқалған кербез қайын, шырша талы.  
Жасай бер күн сәулетті жана қалам.  
Қазақтың алтын орда гүл шаһары.





## Диқан дала—Баяннуур


Тында, тында жайсаң дала көгал-кыр,  
Кырмандардын сенен данкы жоғары тұр.  
Кабылдадык Баяннуурдың сыйын біз,  
Баптап күткен береген кыз, жомарт ұл.

Кұлак түрін әрбір үнге қоям зер,  
Сүйіншілеп жүрді шауып қоян жел.  
Сан машина овоц келіп түскеңде,  
Таппады жұрт сақтар қойма қояр жер.

Алдына алып күн дидарлы жайдары топ.  
Алғысты да, мақтауды айтар көп.  
Үй біткеннің бір жағына үйілді,  
Тойған қозы сияктанған май картоп.

Картоптармен оған да орын тең тиіп,  
Бір бұрышта топ-тобымен теңкиіп.  
Жатты жасыл қойдай-қойдай қапуста,  
Сырттарына қабат-қабат топ киіп.

Ел жұртына сыйға тартқан түрлі азық,  
Дикандарды құттықтаймыз жыр жазып.  
Дүйім—елді байытты да бір-ақ күз.  
Дүйім елді қарқ қылды бір жазық.



# Жомарт дала

## I Кеше

Жүргенге сыйғыза алмай ғаріп басын,  
Бұл дала әрі тұрақ, әрі ықтасын.  
Бібіамыз құмын қазса құдық иыққан,  
Дегендей шөлдеп, судан тартықтасын.

Ешкімге бас имеген күші өкім — деп,  
Анменен жан сақтаған күс етін жеп.  
Бағыттан даласына, салақ тартса,  
Қоныс аң қазанына түсетін кеп.

Қаймықпай зомбылықтан, жәбірдіктен,  
Тек ғана құдайынан әмір күткен.  
Беретін қолына қов,жылы салып,  
Бір төлдесі көктем сайын тамыр біткен.

Қыздарын сексеуілдің күрен шоғын,  
Даланын төсенетін кілем шөбін.  
Түк тартса даласынан май тамшылап,  
Сауғанда сүт ағатын бір емшегін,

Сан рет үстін басып күйи өткен,  
Кездерде күйи өткен, күй! кеткен.  
Ас етіп ашыкканда бұл далаиы,  
Жамылып тонған кезде киім еткен.

Шактарла бөгде біреу лашкан айбат,  
Беретін тастай бол — деп жаска кайрат.  
Ұмтылған каһар төгіп дүшпанына,  
Кылышы кызаптағы таска кайрат.

Аулайтын садак тартып, күс салып ан,  
Кырандай бұл даладан ұшды ұлан,  
Далалык атанса да бабаларым,  
Шыкпаған жомарттыктың күшағынзи.

## II бүгін

Табылатын өзінен каласан күт,  
Мал түйеге тоздырған алд шан ғып.  
Бүгін дала басканыа коңзлады,  
Аркасына көтеріп кала-сандык.

Жонын тоскан төзіммен жел өтіне,  
Зенбіректөр дак салған кой етіне.  
Қазір дала муржадан түтін атып,  
Тас көмірді колданған «темекіге».

Тұғыр жасап орнатқан жерге ерлікті,  
Жүрегі де миы да ерлер мықты,  
Жүргізеді үстінен паровозды,  
Буынып ап беліне зер белдікті.

Дарияны бөгеген тасқын атқан,  
ГЭС-тер канал, құбырлар басты мектан.  
Қол жүгіртсең төсіне жомарттықтан,  
Койынынан сорғалап астық аққан.

Қадағалап халықтың хал-тұрмысын,  
Жүргізеді әрқашан қарқынды ісін.  
Койынына, қол салып анда-санда,  
Үлестіріп береді алтын-мысын.

Пай-пай неткен көтерген жүгі ірі еді,  
Жүз құбылған масайрап түгі рені.  
Арна тоған сияқты тамырлармен,  
Мөл-мөлдір қан бойына жүгіреді.

Құмарлықтан қозданған бас тартпай,  
Достар түгіл қағады қастар тандай.  
Мал жапқанда сауырын тіпті ғажап,  
Мол несібе төгілген дастарқандай.


Ат тұяғы астында ғұмыры өткен,  
Бүгін дала сен неткен күдіретті ен.

Жаркыраған жанары сәулелердің,  
Козғалысты шалатын қыбыр еткен.

Тағдырына таңданар, дұрыс ұққан,  
Аққан талай кеуденнен жылыстың қан.  
Революция—арқылы бағы ашылды,  
Радио—арқылы тілі шыққан.

Дала емес бұл кашатын күты үрейден,  
Дүниені барлайды жіті оймен.  
Бағаналар айналған құлағына,  
Дыбыс тындап әр жерде тікірейген.

Күнде өткізген үстінен еңбек тойын,  
Жаналықтар даламын тербетті ойын.  
Айналған ол алыптың алыбына,  
Электрдің қуаты керінен бойын.



## Ұс қайтқанда

Болжатпайтын о шетімен, бұ шетін,  
Қатал тағдыр қуғын салып күші өкім.  
Туған жермен хош айтысып құс біткен,  
Кез жетіпті-ау құс жолына түсетін.

О, қария ойыңызға түсті не,  
Жылы жакка шеру тартты құс міне.  
Тұрсын неге тас мүсіндей состиып,  
Шығып алып бір төбенін үстіне.

Қалтырайсын буынынан әл кетіп,  
Көз тігесін көк жиекке сәл бекіп.  
Тыныш жатқан көңіліне қайғы сап,  
Құстар қайтып бара жатыр әндетіп.

Білесін сен қайғы-мұнның не екенін,  
Құлағына азаль бір жетеді үн.  
Сәл талпынсаң канат болып кетердей,  
Желмен бірге желпілдейді етегін.

Биіктерге қонақтапты ақ мамық,  
Күн шығысқа тура тартқан мақта бұлт.

Тұрсын қазір хош айтысқан әкедей,  
Жалғыз ұлы алыс жолға аттанып,

Ой—деген бір тұңғышқа жүз батып,  
Тұрсын білем көкірегіне мұз катып.  
Соңғы бір ой қайдан ғана оралды,  
Жүрегінді жіберді ғой сыздатып.

«Үлесінен қалмасанда көп кенде.  
Жазмышынан кұтылатын жоқ пенде.  
Кұстар қайтып келеді ғой келеді,  
Келте ғұмыр жетермісін көктемге».

\* \* \*

Табиғаттын жүрініз сырын білмей,  
Асыраған, демеген сүріндірмей.  
Тобымызбен тондырып суығына,  
Сыйлар болса сыйлаған нұрын бірдей.

Табиғат кой көтерген анам он ай,  
Байлықтарын кол созсам алам онай.  
Жаксылыкпен жамандык бәрін бәрін,  
Сыйлаған ол ешкімді алаламай.

Сенін аркан тәттіге қансак татып,  
Сен күткардын жалынға жансак, батып.  
Жомарттыкпен барынды тен ұсынып,  
Тіршілікті келесін жансактатып.



## Өлең — өмір

Поэзия мәңгі жасап сөнбес күн,  
Өлең — бақыт қондыра алмас қолға ешкім,  
Ақын болу елден ерек қайғыру,  
Сол қайғымды ешкімменде бөлмеспін.

Өлең — өнер қырыменен сыры көп,  
Өмірімнен алам ылғи жырыма от,  
Азабы мол ақын деген халықтың,  
Қуанамын жүргеніме бірі боп.

Байи түскен мазмұнымен түрі ұлттық,  
Перзенті еткен бар ақынды бір ұлттың,  
Жана дәуір ақыны етіп сен ғана,  
Пушкинмен Абайларды тірілтін.

Бағанды ұқпас байлық қуған жебір сұм,  
Айтар саған данышпандар не бір сын,  
Жердің шары кетсе де егер шайқалып,  
Мәңгі — бақи сен өлмейтін өмірсін.





Өлең менің ырысым бар, байлығым,  
Жүрегімде жатыр-ау жармай гүлін.  
Халқыма арнап көсіле жыр жазбасам,  
Қысыламын бойымда бардай мінім.

Саған төккен кетпеді босқа күшім,  
Сен арқылы көбейді дос танысым,  
Өмір бойы мен сені кастерлеймін,  
Ақындар қатарына қосқаны үшін.

Көрікте жоқ жырымда көзге ұратын,  
Жауым да осы жүйкемді тоздыратын.  
Безінбеймін сонда да өлең менің,  
Жан ғашығым, һәм сорым өз мұратым.



Жыр Отауы ірге тасы тым берік,  
Кіреді өркім таланттан сын беріп,  
Таланттылар қай кезде оның мүшесі,  
Талантсыздар тұра алмайды күн көріп.

Арман құсын көлік етіп аққанат,  
Талай адам қақпасынан аттамақ.  
Шын таланттар абыройын көтеріп,  
Түсірмейді ақын деген атқа дақ.

Жастар келіп каламдарын жана ұштап,  
Жыр—Отауға өз уығын шанышпақ.  
Талантсыздар өз жөніне кетеді,  
Қумайды ешкім жарық алып шам ұстап.

\* \* \*

Акын достар халықтың көзі бізде.  
Биік талап қояйық өзімізге.  
Арзан сөзден құралған ұйкастарды.  
Місе тұтып жазатын кезімізбе.

Бұғып жатқан казактың сөзін ізде,  
Болмай жатып бұйданды созып үзбе.  
Еліктеумен бұл біздің солықтауға,  
Бой—ұрып бұзылатын кезімізбе.

• • •

Жастар көп акын болып тудың деген,  
Ер ерме бір биікке ту тікпеген.  
Болып жүр кейбірі акын талантымен,  
Болып жүр кейбірі акын кулықпенен.

Туылған қиындықты бұзып жүріп,  
Жыр көрсен кетеді ішін, жүзін жылып.  
Акынбыз деп жүрген бар шімірікпестен,  
Төлегеннен, Қадырдан үзіп-жұлып.

Түлкідей акын атак көзін арбап,  
Ұялмай еліне арзан сөзін арнап.  
Акынбыз—деп халықтың көзін бояп,  
Білмейді-ау жүргендерін өзің алдап.

\* \* \*

Бұл дәуір дана дәуір, ұлы дәуір,  
Жырлайтын, акын керек жыры дауыл.  
Әркімге қойылатын талап та ауыр,  
Әркімнің көтеретін жүгі де ауыр.

Күрессіз бақыт та жоқ алдан шығар,  
Кез емес бұл күдайдан жәрдем сұрар.  
Ұсақ-түйек нәрсемен көз бояған,  
Сапында бола алмайды алдамшылар.

Кез осы биік ұстау ар туынды,  
Көтермек дәуір жүгін әр туынды.  
Бұл ғасыр місе тұтып қабылдамас,  
Татымсыз кішігірім тартуынды.

Жолын тап кім болсаң да жөніне көш,  
Кез емес менменситін созып өнеш,  
Өзіннен жоғарыға бедел салып,  
Сөзінді өткізетін кезің емес.

Иесі бұл дәуірдің топ жарғандар,  
Лапылдап кеудесінде шок жанғандар.

Дәуірдің тізгіншісі — коммунистер,  
Ақ ниет азаматтар абзал жандар.

\* \* \*

Кейде орынсыз жаландайды тіл-пышак,  
Баска конар бағымды да жүр тұсап.  
Сүйрендеме жіпсіз сені байлайды,  
Түйгені көп білімі мол бір кісі-ақ.

Өмір кештім көңіл аскак, күлкі шат,  
Жыр көшірген дәптерім бар бір күшак.  
Сенінде бар тағдырынды шешеді,  
Сіріккенін жалғыз-ақ тал, шырпысы-ақ.

Дәптеріме өзім барда шан конбас,  
Кызыл тілім сенсіз салар ән болмас.  
Тағдырынды көп ойлаймын, мен жайлы,  
Ойлайсын ба екі мықты жан жолдас.

\* \* \*

Кешіп жүріп азаппенен аптапты,  
Төккен терім кермек емес тәп-тәтті.  
Отка түсем құрыш өлен тусын — деп,  
Отпен суға бұзылмайтын қап-қатты.

Бұл пікірді құптамассын әлде сен,  
Жырдың туар мекені емес тар көшен.

Акпанда да суымайтын ыстығы,  
Жыр тусын—деп ак боранмен кар кешем.

Алыс жүрем айғай шудан жеріп мен,  
Алыптардан табанымен жер үккен.  
Өлен менің перзентім ғой жамандау,  
Бала тусам деген ана көріппе ен.

\* \* \*

Мен жазбасам калмас өлен жыр кеміп,  
Кеткен азба дүниеге күр келіп.  
Жазбау абзал бос сөз қуып жүргеннен,  
Акын деген әдемі атты бүркеніп.

Мен күлмесем дидарыма күлкі еніп,  
Қалмайды әсте жарық сөніп нұр кеміп.  
Тумаған жөн айуан боп өткеннен,  
Адам—деген ардақты атты бүркеніп.

\* \* \*

Акын болып жүрек сырын толғасан,  
Түсесің сен нелер күймен жолға сан.  
Онай емес ел сүйетін жыр жазу,  
Өзіне-өзін редактор болмасаң.

Акын біткен күртып өзі дінкесін,  
Болашақтың кезеді оймен тың төсін.

Акын болсаң бабалармен бір жасап,  
Тарихтын жолын түгел тінтесін.

Бала болсаң кіреді де тез есін,  
Батыр төзген киындыкка төзесін.  
Киялыңмен кыстап мұзды мұхитка,  
Магелландай материкті кезесін.

Акын болсаң жалғыздықты қалайсың,  
Беттесесін кезікседе талай сын.  
Бара-бара өзін жазған жырына,  
Өзгелердің көзіменен карайсын.

\* \* \*

Өленнің жолын айтады жұрт киын—деп,  
Кеудемде өршіп толқындап жатқан күйім  
көп.

Шумак жыр туса киналам дұрыс бере  
алмай,

Көңілге жылы, конымды етіп түйіндеп.

Акынның мынау біреуі аға, бірі іні,  
Бәрін де өзгеше сазды жыры үні.  
Жүремің ылғи қырымнан сырттай қысылып,  
Туған жоқ әлі жырлардың балы, шырыны.

Қиялдың күсы әлемді шарлап бір талмас,  
Жыр жазсам шіркін көңілде қайғы мұн  
қалмас.

Өзіне ыстық сезілмеген жырларын,  
Басканын да жүрегін дұрыс жылыта алмас.

\* \* \*

Өлеңмен жырда мен үшін байлық бақ көзі,  
Шабытты шақтар көңілдің нағыз шат кезі.  
Кеудемде жалын қозданбақ болып тұтап ед,  
Отымды менің өмірімнің жақты өзі.

Азамат едім еліме үлкен борышты,  
Тындыру үшін өмірге келдім мол істі.  
Шабыттын күсы кеудеме келіп қонақта,  
Ақтарылсын ақынның барлық қоры ішкі.

Шабытсыз кезде достарым күшып, қаста  
ықпай,

Қаламын дарқан өмірдің сырын әсте  
үкпай.

Шабытты шақтар көзімнен бір-бір ұшып  
жүр,

Екі рет қайтып оралмайтын жастықтай.

\* \* \*

Акын көп арманымен жыры өлмеген,  
Атағы уақытпен бірге өрлеген,  
Артында жау алдында жар тұрса да,  
Акыл тапқан түйыкка тірелмеген.

Күйғандай боп толассыз нәсерлі күн,  
Ел тұрмысын жыр еткен дос ерлігін.  
Бетке айтқан кінәсін жұрт алдында,  
Дұшпанынын көргенде есерлігін.

Жауларына тигізіп жасқанбай тіл,  
Түнектен жол камалмай ашқан батыл.  
Камшыға да канжарға карсы тұрған,  
Акын—деген ер жүрек асқан батыр.

\* \* \*

Акын сенін,  
Баскалардан тағдырын тұр-ау бөлек,  
Бір басынды мын сан ой жүр әурелеп.  
Шаттанбайтын кезінде шаттык керек.  
Жыламайтын кезінде жылау керек,

Өлең үшін  
Жіберетін жүректі жылытып ерек,  
Перезентің ол іші де сырты бөлек.




Қайғырмайтын кезінде қайғы керек,  
Күлмейтұғын кезінде күлкі керек.

Елге сыйлар өленім шашуым — деп,  
Өзен болып еріксіз тасуын көп,  
Жыр жолында жүретін кездерін бар,  
Өзге түгіл өзіңе ашуын көп.

Түндері көп өткерген көзін білмей.  
Бакыты көп айрылған өзі білмей.  
Ақыл керек дананың ақылындай,  
Төзім керек батырдың төзіміндей.

Көрінбейсің ешкімге іріленіп,  
Ұятын бар кететін тірі көміп.  
Азаптанып мықты жыр жаздым десен,  
Шумағынның жатады бірі кеміп.

Бір бөлмеге орнаған жарық айсын,  
Ақын сен әрі кедей, әрі байсын.  
Байлығын сол-қуанып бір шумаққа,  
Кедейлігін сөзге әсте жарымайсын.



## Абай

Қорғасын тұман жатқанда торлап дала  
Жалынды жыр боп, төгілді келіп зары  
Артынан ерер казактан серік таба алмай,  
Мынменен жалғыз алыстын.

Арманы биік ақылы теңіз, талабы өр,  
Жүрегіне тағдыры салған жара мол.  
Болашақтың тіліменен үн қатып,  
Болашақтың көзіменен карады ол.

Байрағымсын жүз жыл тұрған күламай,  
Ұрпағына қалдырыпты мұра бай,  
Өнер қуған, өлең қуған казактын,  
Алфавиті ұлы Абай.

## II

Қандай адам үнінді жатырқамақ,  
Болашаққа сермедін батыл канат.

Жырларынан жалынды әлі күнге,  
Жүректерге жылылық жатыр тарап.

Сөзі мырыш күйылған жез қалыпқа,  
Теңемеймін Абайды өзге алыпқа.  
Айтылмаған үнілсең сыр қалыппа,  
Айтылмаған ұрпаққа сөз қалыппа.

Аласармай еңсесі көк тіреген,  
Иілмейтін кезінде бопты ірі емен.  
Дұшпанның жүрегін боршалаған,  
Оқтан ұшқыр найзадан өткір өлен.

Дүниенің ақтарып сырын барлық,  
Жазған нағыз өлеңді шырын бал ғып.  
Ұғу үшін Абайды керек болар,  
Дәл өзіндей ұлылық білімдарлық.


Өзіндей боп жыр жазып толқудамын,  
Ұрпағымын Абайдың төл тумамын.  
Мені Абайдан айырып бөле алмады,  
Ұлы адамнан бір ғасыр соң туғаным.

\* \* \*

Жаксы сөздер ыркыма бағынбай нақ,  
Жүрсін мендей талайдың бағын байлап.

Арак ішкен кезімде төгілесін,  
Өлен жазар кезімде табылмай қап.

Болмашыға жүқарса қалын кайрат,  
Бойымды ашу кернейді каным кайнап.  
Дұшпанымның алдында төгілесін,  
Досқа айтатын кезімде табылмай қап.



## Махамбет

Ажалды да карсы алған каталдықпен,  
Одан жауы әркашан қаһар күткен.  
Аскаралы тұлғасы бір басына,  
Батырлықпен ақындық қатар біткен.

Жаскандырып дұшпанды сымбат тұлған,  
Тағыныпты ақсемсер қымбат тұрман.  
Тіл безеген жауларын сөзбен түйреп,  
Қару алып шыққанын күм қаптырған.

Шуақ шашқан Інкәр боп нұрлы күнге,  
Арпалысқан қып-қысқа тірлігінде.  
Алмас кылыш-өлеңі онын данқын,  
Аскар шынға көтеріп тұр бүгінде.

Ереуілге жарлыны шақырды үні,  
Сонына ерген арлы-аға ақылды іні.  
Жетпесе де жеңіске батырлығы,  
Жеңілмеген жауынан ақындығы.

\* \* \*


Орынсыз сүймейді жұрт білгірсуді,  
Біледі кімді мактап кімге ұрсуды.  
Ішкендей ойлы сөздер бал шарапты,  
Ішкендей ойсыз сөздер сылдыр суды.

Жазғандар ойлы жырды дана сабаз,  
Боласын оқығанда балаша мәз.  
Күні не ойсыз туған прозанын,  
Жырдын да ойсыз туған болашағы аз.

Ой менің туа сіңген жас қаныма,  
Ас қамы қаратпайды бас қамына.  
Айтқан сөзің арқылы ой тілімен,  
Болады ойлантуға басқаны да.

Емес қой дүние — мүлік байлық онша,  
Боламыз ойдан ада айлық онса.  
Бақыт қой мақсат үшін көп ойлану,  
Қайтер ең ойлағаның қайғы болса.

Жақсы ма пенделікпен иде шіру,  
Бақыт қой астан-кестен күй кешіру.  
Ойлану ми тоздыру емес мүлде,  
Ойлану біле білсен миды өсіру.



## Кездесу

Денемізге кадалмаған жат істік,  
Ел-жұртына сөзі де ыстық, аты ыстық.  
Ауылдағы ақынсымақ бас қосып,  
Оқырманмен кездесуге катыстық.

Аяғынан жатқан жырлар нық тұрмай,  
Ел алдында бас идірді жықты ұрмай.  
Жыр оқыдық, мактап-мактап қоямыз,  
Бірімізге-біріміз шаң жұқтырмай.

Дәл мұндайға шынықпағам көндігіп.  
Қас-қағымда әсерлі шақ болды ұмыт.  
Қалын халық сөз алғанда сын кетті,  
Жасын ойнап төбемізге төнді бұлт.

Ізденіс жоқ қалдым бір сәт соны ұғып,  
Не болса да болсын делім соны күт.  
Қып-қызыл боп әр отына өртеніп,  
Тер моншаға алдык бір-бір шомылып.

Қалғандай-ақ тамағыма тас тұрып,  
Тындай бердім жанарыма жас тұнып.

Мактау кайда шындыкты айтып бетіме,  
Тастады жүрт өкпе-назбен бастырып.

Ерке өстіндер ешкім бетке какпай түк,  
Біз аркылы жауларыңнан кек кайтып.  
Жазбайсындар отты кешкен бізді де,  
Бір каһарман аға тұрды өкпе айтып.

Деді бірі жердің емген емшегін,  
Налайхыда іс бастаған кенші едім.  
Жазбайсыз—деп өкпе салды бір мұрап,  
Каңсып тұрған кандырып ем жер шөлін.

Екі-үш доспен бас коссакшы жеке кап,  
От басыппыз деймін іштей бекер-ак.  
Деді біреу жазбаған соң сын-сыкак,  
Кемістіктер бара жатыр етек ап.

Ерлігіміз ұланғайыр атама,  
Соны жазбай жүрген жанлар катал ө.  
Етікші айтты өлен түгіл біз жайлы,  
Жөні түзу жазбайсындар макала.

Шаруа емес бітетіндей бір күндік,  
Толғанбаса мол шығарып мүмкіндік,  
Акучерка апай айтты өкпесін,  
Аз болса мен кестім ғой деп мың кіндік.



Ой торлады ғазиз басты жүз түрлі,  
Кейбіреулер қадап жатыр біз тілді.  
Махаббатты аз жазасыз ағай — деп,  
Қарсы алдымда сызылып бір қыз тұрды.

Токтата алмас мені ешкім қой деп те,  
Айтқан жөн ғой ақындарға кейде өкпе.  
Сөйлеп жатыр сауынышы бір келіншек,  
Кім төзеді біз шыдаған бейнетке.

Жатыр солай өкпе деген жалғасып.  
Мықты болсаң кұтылып көр, ал қашып.  
Жатты өкпе айтып танылмаған сан адам,  
Жатты өкпе айтып, жырланбаған сан кәсіп.

Деген кезде әрең-әрең шу тынды,  
Жыны қозған халық қайта ду күлді.  
Сөзін жұртқа қимайтұғын сараң деп,  
Бір құрдасым жатыр айтып қу тілді.


Сол бір кезде ынғайсыз-ақ іс болды,  
Өкпе назға сыртым түр ғой іш толды.  
Нәпір жұртты тыныштыққа шақырып,  
Басқарушы қояды ұрып столды.

...Сол бір ару әлі есімде ай сынды,  
Махаббаттан көзғасам ба бай сырды.  
Әлі өкпе айтып тұрғандай көп кейінкер,  
Жазсам екен, жазсам екен қайсынды.

\* \* \*

Миним болса айтындар әй жарандар,  
Каймығады сыннанда кей жамандар.  
Кемістігім алдында аямандар,  
Сөгістендер, түйрендер, найзаландар.

Көңіліне демендер салдым қаяу,  
Батылмын мен өмірден алдым бояу.  
Жатады ол да үлкен дұшпандыққа,  
Адамды кемістіктің алдында аяу.



## Домбыра


Саусак тисе зарланған кара шамак,  
Қалған жаудан бабамды арашалап.  
Тындай берсең балкисын қорғасындай,  
Сазыдағы жүрекке жарасады-ақ.

О, домбыра казаксын біле-білсем,  
Сай сүйегім сырқырар шын егілсен.  
Хан алдында сөз таппай қиналғанда,  
Қазағымның сөйлеген тілі едің сен,  
Ғылым жайды әлемге қанатын кең,  
Қозғалады дүние сана, ақылмен.  
Елім бүгін жайнады күні туып,  
Сенде сөйле жана әуен жана тілмен.

\* \* \*

Азап тартқан түнекте аш қамалып,  
Табанына қиналған тас қалалып.  
Бұл домбыра бабамның сиқыр тілі,  
Табынатын бас иіп басқа халық.

Мұра болған үлкеннен жасқа дарып,  
Білмегенді кететін маскара ғып.  
Бұл домбыра ежелден күрделі аспап,  
Тарта алмайтын казактан басқа халық.



## Күй—тарих


Өмірінде асқан кайсар төзіммен,  
Бабаларым азап тартып көз ілген.  
Бабалардын нар кайғысы күйдегі,  
Ботасы өлген «боз інген».

Дайын тұрды аяк басса кайғы, ажал,  
Арулардан мезгіл жетпей тайды ажар.  
Бабалардын өрен жүйрік киялы,  
«Телкоңырмен» «Майда жал».

Курап калған өкпек желге гүлазып,  
Болмай малға салған шөптін нiлi азык.  
Бабалардын кеткен кейде көнiлi,  
«Сары жайлау» боп күлазып.

Төккен күйдi жауғанындай нәсердiн,  
Ак домбыра ажырамас досы ердiн.  
Ак табан боп шұбырынды көп көрген,  
Күй—дегенiн азып-тозған көшi елдiн.

Күй—тарих өн-бойында толы ерлiк,  
Ұғар болсан қасиеттi өнердi үк.  
Күй—дегенiн ата-бабан өмiрi,  
Көзiн болса көнiлiнде көрерлiк.



## Күйші мұраты

/А. Қабықейге/

Сазды күймен шындап алған намысын,  
Сенін үнін бүкіл елге таныс үн.  
Ұлы өнерге бар өмірін арнаған,  
Азаматсын үлгі болған сан ісін.

Асыл аға, аяулы ұстаз, ер көңіл,  
Акку қазын шарлаумен жүр ел көгін.  
Есімінді білмейтін жан кемде-кем,  
Тыңдаушының танымайсын сен көбін.

Тасқындап кеп сәнді әуезді күй селін,  
Бакытын да, байлығын да күй сенін.  
Дүниеден бұдан бакыт өтеме,  
Өнерінді зор бағалап сүйсе елін,

## «Зар заман» күйі

Жұпыны көш жолға шыққан таңменен,  
Тап болды іске түршігердей жан, денен.  
Әкірендеп жолын кесті қос жеңдет.  
Өткен-кеткен елді тоқап дәндеген.

Адамы да аз бара жатқан көшке еріп,  
Тағдыр өзі күтқармаса дес беріп.  
Көш иесі бейкүнә қос қария,  
Келе жатыр бірін-бірі ес көріп.

Жатқанымен іштерінде кек қайнап,  
Амал қанша жауға қылар жоқ қайрат.  
Не болса да күтпек болды ақырын,  
Жау алдына көшін тежеп тоқтай қап.

Жеңдеттердің түрі де тым сұсты еді,  
Үні бітіп ерінін қарт тістеді.  
Жирен мұртты ұстай алып тізгіннен,  
Өктем үнмен—тез атыннан түс!—деді.

Сұм заман ғой қойған елге қырғи ғып,  
Қас-қағымда орындалды зіл бұйрық.

Жаяу тастап сорлы иенді шынымен,  
Жау қолында кеткенін бе, қыл күйрек,

Көбен еді қыстан шыққан қатты арып,  
Тынбады жау жалғыз ғана атты алып.  
Көз қызығар бұйымы жоқ күркенін,  
Барлық жүгін тінтіп жатты ақтарып.

Салғанымға катыгез жау шын әлек,  
Сабыры тұр ақырына шыда—деп.  
Осы кезде берді қартқа қол ұшын,  
Жүк ішінен домбырасы шыға кеп.

Түк таба алмай торыққан жау тым қатты,  
Шерт—деп қартқа домбыраны ым қакты,  
Зұлымдыққа енбеген домбыра,  
Жауларына зарлы күйді тындатты.

Жау алған соң бар байлығы, досы атты,  
Қартынында жанарынан жас ақты.  
Сүм заманға қарғыс айтқан шерлі күй,  
Жез мүрттының сай-сүйегін босатты.

Жендеттерге ой салды ма, бұл бір үн,  
Тастай салды жануардың шылбырын.  
Өз жөніне кете барды қос жендет,  
Иек қағып шақырды да бір-бірін.

Туған жерде біздің тамған кіндік қан,  
Жауымызда күй тілінен мұнды ұққан,  
Зар Заман — деп аталыпты зарлы күй,  
Бабамызды құтқарған бір сұмдықтан.

Тас төбеде тұрса күліп алтын күн,  
Ұмытады елдің жақсы салтын кім.  
Батырына бас иеген дұшпанын,  
Өнеріне бас иеді халқымның.





## Алғашқы қар жауғанда

Қар қылаулап жауып тұр, қар қылаулап,  
Қардай аппақ сезімдер алды баурап,  
Қас қағымда өзгеріп бара жатты,  
Аппақ нұрға оранып сәнді бау-бақ.

Бар қайғымды аттымда тамшы бу ғып,  
Тұңғызққа азапты қарсы кудым,  
Аппақ нұрға шомылып аспанмен жер,  
Аппақ түске боянды бар сұлулық.

Аппақ жандар асығып, аптығысып,  
Қолдарымды жатқандай қатты қысып,  
Дүниені жапқалы канатымен,  
Шаттық ұшып келеді, шаттық ұшып.

Туада аппақ жүректер саған күштар,  
Аппақ болып ұшады төмам құстар,  
Жауып жатқан сияқты кеуделерден,  
Жарып шыққан ақ тілек, ақ алғыстар.

Аппақ болған көремін сәл қыздарды,  
Телміремін бөгдеден сәл қызғанып.

Ак дүние, ак шабыт, ак махаббат,  
Күшағына кірер ме ем жалғыз барып.

Жолдын үстін лезде жабады ак қар,  
Аппак үшкын шашады тағалы аттар.  
Кеуделерді жуып өт ак нұрынмен,  
Көңілдерде қалмасын қара дактар.

Аппак саздар тамшылап көп пернеден,  
Үрікпеді аққулар кептер менен,  
Тереңне сырымның бойлай алмас,  
Мұндай сәтті басынан өткермеген.

\* \* \*

Қорасынан түлік өрбіп қанша мың,  
Тау жаңғырта шырқап салған малшы әнін.  
Кұлағыма туа сінген мал даусын,  
Алыстасам тәулік өтпей ансадым.

Адамының сындыра алмас жан сағын,  
Үйлері бар жиған мүлкі сәл шағын.  
Ата-бабам кәсіп еткен ордасы,  
Ақ боз үйлі ауылымды ансадым.

Дүйім елдің келтіретін бар сәнін,  
Бірге өткізген бақытты өмір бал шағын.  
Жас достарым, ауылымның қарттарын,  
Қайда жүрсем ансардай-ақ ансадым.

\* \* \*

Отар олжа таскындаған жалпы өнім,  
Отарменен алдырамын мал конын.  
Далада өткен күндерімнің жемісі,  
Егіз туған, ширақ туған әр төлім.

Төрт мезгілде сәйкестіріп мал бабын,  
Арттырамын сыбағалы салмағын.  
Сол арқылы биіктерден көрініп,  
Татып жүрмін бакытымның бал дәмін.

Табыныммен бірге атады әр таңым,  
Күні бойы толғанамын мал камын.  
Дидарлассан сөзі осы, малшының,  
Түлік үшін аямайтын жан-тәнін:

Малшы қауым өз ісіне нақ ыспар,  
Бойларында алаулаған намыс бар.  
Отар отар—биылғы жыл қиналу,  
Келер жылғы абыроймен табыстар.



# МАХАББАТ ЖОЛДАРЫ



## Ғашықтың отын жүреkte алаулатып

Кұйып койған бұл неткен сері мүсін,  
Хор кызы ма, әлде сен перімісін.  
Ұйқыдағы сезімім бас көтеріп,  
Сен дегенде балқыдым, еріп ішім.

Ғашық отын жүреkte алаулатып,  
Бата алмадым жүрсенде карауға тік.  
Ұйықтатпайды бір жалын денемді өртеп,  
Төсекте ары аунатып, бері аунатып.

Жанарында жаркылдап тұрады ұшқын,  
Адамы едім салтымда бұла күштің.

Көбелектей маңында шыр айналып,  
Жағымпаздай алдында күрак ұштым.

Махаббаттын шырынын жұттым нәрін,  
Мен күйетін бір оттын ұктым барын.  
Жамандық дегенге оны кимадым да,  
Жаксылық атаулынын күттім бәрін.

Жүрегіме алған сон бұлайша еніп,  
Қалатындай кайғырса ол күн, ай сөніп.  
Өсек-сөзді өзіне жуытпадым,  
Сол кызды күлай сүйіп, күлай сеніп.

Арулардын ол еді сүйкімдісі,  
(Кажытпаса түбінде үй тұрмысы)  
Мені осындай түсірген сергелденге),  
Ол ма, ол махаббаттын сиқыр күші.

\* \* \*

Ерекше боп түрленуші ең ат мінсен,  
Күлімдеген таңым болып аттын сен.  
Бүкіл әлем шат-шадыман болатын,  
Сен егерде жарк етіп бір шат күлсен.

Екі көзін сияқты еді күміс күн,  
Кіріпгінен тараушы еді мың ұшқын.

Шығушы еді тістерінен сызылып,  
Скрипка сазындай бір жінішке үн.

Сыр көп еді естіп өзін жайлы ұққан,  
Көргендердің көңілінен қайғы ыққан  
Жұртты ұйытқан балдай тәтті мінезін,  
Артық еді баянсыз сан байлықтан

Тал бойында жоқ еді ешбір мін,  
Енді қайдан хабарыңды естірмін.  
Кешіре гөр сен екенсің алтыным,  
Амал қанша қадірінді кеш білдім.

\* \* \*

Шалқар теңіз сен тұрдың арғы бетте,  
Құшағына ал дедің қарғып өт те.  
Саған тарттым қайыққа міндімдегі,  
Көнбедің деп айтқанға салдың өкпе.

Біраз тұрдың телмірің жайып қолды,  
Толқын үдей мол суға қайық толды.  
Жағалауға іліне бергенімде,  
Су перісі ояндым қайып болды.

Қойды қыздар жаюды алдан құшақ,  
Көңіл шіркін сезімге алданды ұсақ.

Өнім түгіл түсімде қол жетпейтін,  
Бара жатырсындар-ау арманға ұсап.

\* \* \*

Дейтіндей бар сырымды көзімнен үк,  
Аяғын жалғыз жүрген кезін көріп.  
Жүйкесін сағыныш жүр жегідей жеп,  
Күтқармасаң жас ару өзін келіп.

Сырласпайды ешкімнің сөзін бөліп,  
Кете алмайды ісінде тез үлгеріп.  
Сүйгенін жүр тіреліп бір тұйыққа,  
Күтқармасаң жас ару өзін келіп.

## Жастық шақ

Бұл өмірдің алмаған сырын бойлап,  
Әрбір күні жастықтың шырғын бойына.  
Жоқ нәрсеге жатпайтын бас қатырып,  
Құлық, сұмдық дегеннің бірінде балап.

Онай келіп қонса деп жақсы ат маған,  
Озбырлықпен ешкімді қарсақпаған.  
Ішке сырды бүктірмей сен едің бой,  
Пенделіктен, былықтан пәк сақтаған.

Ұлан елім қақпаған бетімді ешкім,  
Менде өзіндей жастықтың отын кештім.  
Ескерусіз өткізген сол күнімді,  
Енді қалай еске алып өкінбеспін.

\* \* \*

Сәнденетін киімнің қыры сынбай,  
Жас дәуренге төзем бе жыр ұсынбай.  
Қиындыққа кезіксең жарқылдаушы ең,  
Жауға шапқан батырдың қылышындай.

Жар тандаған ел кезіп салдық құрып,  
Арғымақты шабыспен шалдықтырып.



Өз дененің кызуы өзінді өртеп,  
Дем алатын кездер-ай қалғып тұрып.

Елегізген жүйріктей жарысты ансап,  
Қымбат елі-ау қыздармен таңысқан сәт.  
Түнде көрген тәтті бір түстей болып,  
Өте шықты-ау албырт шак арыстан шак.


\* \* \*

Кейде шынды, кей кезде әлсіреткен,  
Жылдар, жылдар кездестім қанша рет мен.  
Жақсы ісімді нығайтып беделді етіп,  
Жамандықты жолымнан арышып өткен.

Ақыл ойды жаныма серік қылып,  
Сапаттарда шындалдым берік тұрып.  
Жығылғанда сүрініп, демеу беріп,  
Білмегенді келесін сен ұқтырып.

Өзгергенде замана келбеті мың,  
Арпалыстым болмалы менде тыным.  
Қиындыққа сен рет қайрап салып,  
Ой—санамның толтырдын кем-жетігін.

Жатпаса да елге ісім тегіс ұнап,  
Жылдар-жылдар есейттің мені сынап.  
Ұзақ жылдар сыйлаған еңбегімнің,  
Болашаққа басамын жемісін ап.



## Солдат сөзі

Жауынгермін бірде жұмсақ, бірде өткір,  
Отан қорғау абыройлы міндет бұл.  
Туған елдің тыныштығын анашым,  
Менің ұлым батыл қорғап тұр—деп біл.

Кұрылысты жатқан, туған жерге арнап,  
Каласкамьн достарыммен тең қолға ал.  
Арулардың махаббатын күршіксіз,  
Зұлымдықтан тұрмын білсен мен қорғап.


Күн нұрына тосып кеуде арқанды,  
Жеткіншектер, шаттық күйде, тарт өнді.  
Тәтті ұйқынды, шат күлкінді күзеткен,  
Біз сыйлаймыз тыныш атқан әр танды.

Солдат деген бүкіл елге ардақты ат,  
Арулар да жазған бізге арнап хат.  
Біз шегінсек, жеңіс бірге шегінген,  
Біз аттасақ жеңіс бірге алға аттап.

Жасаймыз біз қадәм сайын ерлік іс,  
Мандай термен жүрміз егіп елге ырыс.

Әрқашанда алған беттен қайтпауға,  
Отан—Ана берді рух, берді күш.

Армиямыз ерлікке ашқан мектеп бұл,  
Жолымызда тұрады ыңғай көктеп гүл.  
Аясында партиямен Отанмен,  
Біз алмайтын жау мен қамал жоқ деп біл.




## Сұр шинель

Ақ маңдайын ай аймалап, күн сүйген,  
Қай кезде де солдаттарды шын сүйді ел.  
Қорған болып әскер елін қорғаса,  
Солдаттарды қорғап қалған сұр шинель.

Қатар түзеіп көкке ентелеп тұрса үйлер,  
Оны салған құрылысшы ер бір сыйлы ер.  
Бүгін бейбіт еңбектеде солдаттын,  
Тастамайтын сауыты осы сұр шинель.

Бұлбұл бағы көк орманым сыңси бер,  
Күннен нәр ал өсе берсін гүл сирен.  
Батырлардың жас ұрпаққа мұрасы,  
Қару емес, бейбіт өмір, сұр шинель.




## Командир

Құрметтейтін жолдастары асса елі,  
Өзі де жас ұлғаймаған жас шені.  
Аямайтын осалдығы алдында,  
Досына да жаудай қатал басшы еді.

Уақытын алдырмайтын бос сөзге,  
Тұратұғын жалын лаулап қос көзге.  
Жолдасы үшін – жан қиюға және бар,  
Солдатта мен тату кезде, дос кезде.

Елестетем қазіргідей кейпін дәл,  
Баяғыда ұмытқан шығар кей кулар,  
Байқадын ба менін командирімде,  
Бастық мінез, достық мінез дейтін бар.



## Достарға сәлем

Ел-журтына болындар — деп хош-есен,  
Алыс жолға аттанғансын кеше сен.  
Атқан оққа ажалға да — дегеміз,  
Арманым не өз кеудемді төсесем.

Киналғамыз сапарда бол қанда рет,  
Қоныштарға толған талай қар сірел.  
Шекарада кіраік ілмей тұрғамыз,  
Жауға соққы бермесекте қарсы кел.

Асау боран бастырмаса қыста адым,  
Төтеп берген бойымдағы күшті ағын.  
Қос қолыма жауға қатал қаруым,  
Автоматпен алмас қылыш ұстадым.

Шімірікпей тұрған кезде қарып — мұз,  
Жастық едік тасқындаған жарып күз,  
Араластық қайта бе. біт енбекке,  
Ұлы Отанның жұмсауымен барып біз.

Қайдасындар қатар өскен тең құрбым,  
Бәрінді де көз алдыма келтірдім.

Бірге түскен фото-сурет алдында,  
Сағынышка кеудем толып мен тұрмын,

Жадында ойнап жана бір сөз, жақсы  
ырғақ,


Ел өркенін жазу үшін нақ сырлап.  
Бірін жүрсен, аттандың ба, ал бірін,  
Шекараға жоғарыдан тапсырма аң.

Алдына кеп талай қызбен жас жігіт,  
Отырмысын бірін берік басшылық,  
Бәріне де тағзым етіп қиындық,  
Жатқан шығар тау бас иіп, тас жібіп.

Котанында мыңғырылып мал төлдеп,  
Жатқан шығар біреуінің данқы өрлеп.  
Біреуі ұстаз болар бәлкім таңылған,  
Түйгені мол, жас ұрпаққа қам қор — деп.

Аға атанып ақыл-қонған бұл шақта,  
Әр түкпірде еш хабарсыз тұрсақта.  
Ел дәулетін кірпік ілмей күзетіп,  
Тұрмыз әлі күндіз-түні бір сапта.

Түлеймін мен төбемде ай мен күліп күн,  
Қолымда өсіп әр жыл сайын түлік мын.  
Жүрсін білем бәрін бір-бір көзі боп,  
Елімдегі барлық байлық мүліктін.



## Партизан қарт

/П. Тогтох-ка/

Кабак шытса дұшпан біткен көрге еніп,  
Күлімдесе кетер қатқан көлде еріп.  
Онын жолын кеспей тоқтап тұрады,  
Машиналар асығыста жол беріп.

Ол адамды бүкіл халық кастерлеп,  
Бас иелі сап түзеген әскер кеп.  
Ғалымьнда алдында онын баладай,  
Шеберінде қолмен сызған тасқа өрнек.

Адам біткен сөзін, ісін үлгі еткен.  
Абыройлы адам елі бұл иеткен.  
Министрде әкесіндей қадірлеп,  
Генералда бас иелі құрмет пен.

Оған жеңіл нелер ауыр сын деген,  
Береді ақыл. Іс бастайды кім неден.  
Жұрт жиналған кездесуде мейрамда,  
Бір түспейді безендірген мінбеден.



## Вьетнам жеңеді

Адам саны, қару күшім үстем деп,  
Вьетнамға соқтықты жау күшпен кеп.  
Төтеп беріп тұра алмады алайда,  
Сырттан қайрат, қайнағанда іштей кек.

Алтын күнді селк еткізіп нұр сепкен,  
Зенбіректің естілді үні түрс еткен.  
Жас сәбилі ұйқысынан оятып,  
Бейбіт елге кіріп кетті бір шеттен.

Елін, жерін алмақ болған хақ бөліп,  
Зұлым жаулар жойқын күшке тап болып,  
Көздеп келген саясаты іске аспай,  
Вьетнамның даласында жатты өліп.


Жамылып кеп жауыздықтың ескі ісін,  
АҚШ тобы білмей қашқын ес-түсін.  
Вьетнамның достары көп қолдайтын,  
Тар кездерде көрсетпейді еш қысым.

Дәулетіне Вьетнамның ашпа аран,  
Зияны мол қаруынды таста арам.

Батыр елдің жерін босат, жөнін тап,  
Жер жүзіне болмай тұрып маскаран.

Қорға өзінді болсан егер шын мықты,  
Жүртқа лан сап сен дәуірлер күн бітті,  
Бейбіт күнді қорғауға әлем қол қойған,  
Қайталамау үшін мұндай сұмдықты.

Сойқан соғыс салды әлемге көп таңба.  
Жердің шары өз боялған жоқ қанға.  
Өмір өзі көрсеткен ғой әділет,  
Күшті екенін атомныңда, оқтан да.



## Соғыс деген...

Жас сәбиді ерте айырып емшектен,  
Соғыс деген ауыр зардап ел шеккен.  
Соғыс деген аналардың көз-жасы,  
Соғысқұмар зұлымдарға шен шекпен.

Кеткен жантар қазасынан ерте өліп,  
Соғыс деген кара жерді көрпе ғып,  
Ел-жұртты езген ауыр тұрмыс тылдағы.  
Канды майдан жатқан қала өртеніп.

Көз алартқан салт-тұрмысқа дәстүрге,  
Соғыс деген елді сорған аш бүрге.  
Мұса Жәлил, Зояларды қамаған,  
Соғыс деген канды бұғау тас түрме.

Ел ішіне жоқтық деген жұт кіріп,  
Кәрімен жас еңбек еткен тік тұрып.  
Арулардың сүйген жарын қайтармай,  
Өмір бойы орнын қойған күттіріп.

Төзімдерді бордай үккен мұн егеп,  
Жауыздар жоқ жататұғын мұны елеп.

Өз мүшесін денесінен айырып,  
Болдырған ол талайларды мүгедек.

Бар қаржыны жейтін ұл, қыз нан сатып,  
Оққа жұмсап қойған елге қарсы атып.  
Бет-бейнесін көрсетпестен қойған ол,  
Өз әкесін, өз ұлына аңсатып.

Үркіп оқтан көлдің құсы, тұз аны,  
Жерде өшкен жоқ сұм соғыстың ізі әлі.  
Адамдарды салған құлдық, күндікке,  
Соғысқа жұрт сол үшін де ызалы.

Бұл дүние, дүние емес бүлінгіш,  
Бүлдіруде соғысқа мар зұлым күш.  
Жер бетінен аластауға сұмдықты,  
Арналады біздің күрес, бүгінгі іс.

Күресемін айтамын ішке сөз бүкпелі,  
Зұлымдыққа қою үшін тез нүкте.  
Жер шарында соғыс түгіл әуелі,  
Соғыс деген сөз болмасын сөздікте!

## Азамат үні


Азаматпын сындыра алмас сағын мұн,  
Менің үнім бар әлемге жағынды үн.  
Осы үнде әділеттің күші бар,  
Осы үнге бүкіл адам табынғын.

Дауысымды пленатам ардақтап,  
Менің үнім Чилиге де барды аттап.  
Талаптарым Корвалон мен Девиcті,  
Жаудың қапқан жаласынан алды ақтап.

Адамзатты азапқа сап күл еткен,  
Көне қоғам қалтырауда күні өткен.  
Оятты үнім сонзу таяу Шығысты,  
Серпілсін—деп мың жыл басқан түнектен.

Біздер күлсек, бізбен бірге күн күліп,  
Жер Анаға шұғыла шашқан бұлтығып.  
Біз тоқтаттық Вьетнамға оқ атқан,  
Зенбіректің өзегіне күм тығып.

Азаматпын бар адаммен мұны бір,  
Қан қумарлар құлағын сал, мұны біл.  
Капиталдың алған құтын зересін,  
Менің үнім-әділеттің үні бұл.




## Бейбіт күнде

Кұрсала жау алдарынан тор, қақпан,  
Төккен ерлер бейбіт күнде қорғап қан,  
Қас дұшпанның күлін көкке ұшырып,  
Тыныштықты күреспен орнатқан.

Сен едің ғой Жұрт аңсаған ұлы арман,  
Сен күштісің әділеттен нұр алған,  
Сен қымбатсын миллиондардың көз жасы,  
Жемісісің қан мен терден құралған.

Бейбіт күнде адам біткен жомарт, бәй,  
Өмір сүрем ешкімге көз алартпай,  
Бейбіт күнде өлсек түзу өлеміз,  
Еш адамға қарғыс айтып, жала артпай,

Бейбіт күнде бұл дүние мәңгі кен,  
Ол арқылы жер – Аңада алды дем,  
Бақытты өмір сүру үшін әуелде,  
Бейбіт күнің болу керек алдымен.




## Он сегіздер

Ел жұртын кеп күшактары толы гүл,  
Аттандырса—үлкен күрмет соны біл.  
Он сегіздер жігіттікпен жолығу,  
Он сегіздер балалықтың соны бұл.

Сөкпейді ешкім жазсан қызға хат арнап,  
Отан-Анаң сынға салмақ қатал нақ.  
Елді көрсап он сегізге толғандар,  
Он сегізде азамат—деп ат алмақ.

Он сегіздер бакытты шақ жоқ теңі,  
Он сегіздер-ғашықтардың от, демі.  
Шешек атып оралмайтын қайтадан,  
Он сегіздер өміріннің көктемі.



## Көкпар

Жүгіртіп карасаныз көңіл көзің,  
Жаткандай ерлер көріп өмір тезің.  
Ақ көбік боп арғымақ кезен ғой бұл,  
Сынға түскен тас кайрат темір төзім.

Ерліктің жігіт біткен жолын кешіп,  
Намысты қолдан беру өлім десіп,  
Тіріде көк серкеден анырылу жоқ,  
Алсан да тас боп қатқан қолын кесіп.

Жатқанда ерлер күшін салыстырып,  
Көреді көрермен жұрт алыс тұрып.  
Пырақтар шар кайрақтай айналады,  
Тастакқа болат тұяқ қарыс кіріп.


Алмақ боп күшін сынап, атын сынап,  
Барғанмен кейбіреулер батырсып-ақ.  
Қайтады тауы құлап, аала ғала.  
Күшіне мың тұяқтың жатыр шыдап.

Тынады көкпар айқас көп тартыспен,  
Ұтады ағы мықты топтар күшпен.



Екінші, үшінші той жалғасады,  
Үйлерге бұрын-барып көкпар түскен.

Иен қап ауыл біткен өшіп оттар,  
Қазактын кызын куса досы көкпар.  
Жасатқан кырык күн той, байлық емес,  
Жасатқан кырык күн той, осы көкпар.



## Алты бақан

Алты бақан кайғылы ән, асыл ән,  
Бар осында жар іздеген жас ұлан.  
Бірін-бірі ансап жүрген ғашықтар,  
Табысады алты бақан қасынан.

Бейбіт түн бұл, тәтті ұйқыға ел кеткен,  
Қыз жігітті аймалаған жел беттен.  
Алты бақан махаббаттын бесігі,  
Екі жасты құшағында тербеткен.

Тәтті ұйқыда әлемнің төрт бұрышы,  
Жастар үшін күндізгідей түн іші.  
Қыз бейшора арқандаулы арқанның,  
Ата ананың қолдарында бір ұшы.

Пыш-пыш өсек етек алса жанды улар,  
Жансыз болып жүреді іште сан кулар.  
Өзім білем дейтін шолжын қыздында,  
Ізін бағып жүретігүн анду бар.


Әке сөзі қызларына болды үкім,  
Тұтқынмен тең өмір кешті сорлы тым.

Ертен ғана аттанатын қыздардың,  
Талайына осынау түн, соңғы түн.

Касіреттің ызғарына бүрсіліп,  
Жүргендерде болсын қайдан түр, сиық.  
Келеді олар қулай сүйген ғашығын,  
Кету үшін ақырғы рет бір сүйіп.

Жиылады кілен шешек атқан гүл,  
Бара алмайды мал күзетіп жатқан құл.  
Алтыбакан ойын емес, амалы,  
Ғашықтардың кездесуге тапқан бұл.

Жігіттің де жас жігерін шер, күм ғып,  
Талайларын кеткен қыршын жер қылағып.  
Махаббатқа қазақ ерік берген жоқ,  
Алты бакан басы ғана еркіндік.  
Олда ұзаса, олда ұзаса бір түндік.



## Ақ құйрық шай

Мейманнанда келген шөлдеп, тым мендеп  
Шайға канса кететінді күлмендеп,  
Ас кәдірін, алыс жолдың азабын,  
Тартпай тұрып, кешпей тұрып білгенбе ек,

Басын катып жүргенде есін шығып-ақ,  
Шайға кансан жапса сені жылылап,  
Ем болатын, дем беретін осы шай,  
Басынның да сахинасын жұлып ап.

С іміріп ап ас татпастан бір шайнам,  
Жолаушында төсегіне қисайған  
Майнызда, қаймағында сүтін де,  
Керек десен табылады бұл шайдан.


\* \* \*\*

Ол жоқ болса ауыл иен, үй кедей,  
Ол тіл қатса күмбірлейді күй кемей.  
Бір ауылдың тірлігінің ұйтқысы,  
Жалғыз кемпір жұдырықтай, шүйкедей.

Көп күні өткен бір жадырап, бір күлмей,  
Ұзақ таң да кірпігінде жүрді ілмей,  
Өмірдегі жокшылықты кездескен,  
Жауып өткен пейілімен білдірмей.

Әжеміздің тап алдында ақ самай,  
Жорғалайды асыл жанге, жақсы ағай,  
Бір ауылдың бар тентегі сиятын,  
Кұшағы онын кішігірім бакшадай.

Өмірінде тасымаған төс ұрып,  
Барлық адам оған туыс дос, ілік  
Келініне үйіп-төгіп жақсыны,  
Жамандығын отырады өшіріп,



## Бала-бақыт

Өзіммен шаттық думан ере келіп,  
Жібердің өмірімді мереке ғып,  
Күлкінен бар әлемге шуақ тарап,  
Жатқандай дүниеге береке еніп.

Думанға сен бөледің баспанамды,  
Сен барда мен шырқаймын асқак әнді,  
Сен барда түгел менің төрт кұбылам,  
Сен барда бөліп ішкен ас та дәмді.

Өздерің терек болсам көк, бүрлерім,  
Өздерің дала болсам шок гүлдерім,  
Өздерің жігерім де, қайратым да,  
Жанарым күн шуағым өткірлерім.

Азабын көрсем егер қалады ұмыт,  
Айтпаймын тайыз ақыл жалаң үгіт,  
Өзімнен он есе артық болсын деймін,  
Артпай ма әке деген балаға үміт.

## МАЗМУНЫ

### Мезгіл бояулары

- |               |   |
|---------------|---|
| 1. Жаз кызығы | 3 |
|---------------|---|

### Туған жер жырлары

- |                          |    |
|--------------------------|----|
| 1. Туған жерге оралу     | 10 |
| 2. Кобда өзен            | 13 |
| 3. Цэнгәлім—ата мекенім  | 15 |
| 4. Аймағым—Алтын ордам   | 21 |
| 5. Дикан дала—Баяннуур   | 24 |
| 6. Жомарт дала           | 25 |
| 7. Күс вайтканда         | 29 |
| 8. Өлен өмір             | 31 |
| 9. Абай                  | 41 |
| 10. Махамбет             | 44 |
| 11. Кездесу              | 46 |
| 12. Домбыра              | 50 |
| 13. Күй—тарих            | 51 |
| 14. Күйші мұраты         | 52 |
| 15. «Зар зман» күні      | 53 |
| 16. Алғашқы қар жауғанда | 56 |

## Махаббат жолдары

1. Ғашык отын жүректе алаулатып 59
2. Жастык шак 63

\* \* \*

1. Солдат сөзі 65
2. Сұр шинель 67
3. Командир 68
4. Достарға сәлем 69
5. Партизан карт 71
6. Вьетнам женеді 72
7. Соғыс деген 74
8. Азамат үні 76
9. Бейбіт күнде 77
10. Он сегіздер 78
11. Көкпар 79
12. Алты бакан 81
13. Аккүйрык шай. 83
14. Бала—бакыт 85



А. ДАУЛЕТХАН  
БОДЛЫН ХЭЛХЭЭ

/Казах хэл дээр/

Редактор Ш. З у х а й

Тех-редактор Ж. К у л з а т

Хянагч Х. А л ы с б а й

Өрөлтөнд 1984 оны 1-р сард оруулж,  
мөн сард 1525ш хэвлэв. Цаасны

кэмжээ 60x90 1/32 X x 2.75 Т. х х 2, 6

Ж-04216

---

Баян-Өлгийн аймгийн «Жана Өмир» сонины С.Х.-и

Хэвлэх үйлдвэр

Өлгий—1984